

**Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі**  
**Қамқоршылық Кеңесі отырысы**  
**ХАТТАМА**  
**№3**

*24 желтоқсан 2019 жыл*

*Қатысқандар:*

*Барлығы: 9*

*Қатысқаны: 7*

*Қатыспағаны: 2*

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

- 1. Оқу процесі барысында 28 желтоқсан күнгі сабақтарды 30 желтоқсан күніне ауыстыру.*

*Тыңдалды:*

*Директордың ОІЖ орынбасарының м.а С.М Кенжеғалиева*

Колледж әкімшілігі тарапынан оқу процесі барысында 28 желтоқсан күнгі сабақтарды 31 желтоқсан күніне ауыстыру туралы ұсыныс түсті. Аталған ұсыныс бойынша колледждегі білім алушылардың оқу процесіндегі бірінші жарты жылдық қорытындысын, әлеуметтік жағдайын, сонымен қатар мереке алдындағы студенттердің өмір қауіпсіздігін ескере отырып, 31 желтоқсан күнгі сабақтарды 28 желтоқсан күніне ауыстыру туралы ұсыныс білдіремін.

*Тыңдалды:*

*Бөлім меңгерушісі Ж.Ж.Бектаева*

Қазіргі таңда колледжімізде 1436 студент бюджет және ақылы топтарда білім алуда. Олардың ішінде 80%-і ауылдық жерлерден, Атырау, Ақтау, Маңғыстау, Қызылорда қалаларынан. Сол себепті мереке қарсаңында студенттердің әлеуметтік жағдайын, өмір қауіпсіздігін, сонымен қатар ауа райының қолайсыздығына байланысты жол қауіпсіздігін ескере отырып, 31 желтоқсан күніндегі сабақты 28 желтоқсан күніне ауыстырып, бірінші жарты жылдық демалысқа 31 желтоқсаннан бастап шығуға ұсыныс білдіремін.

*Сөйлейді: Қамқоршылық Кеңес мүшесі Р.Т Иманғалиева*

Аталған ұсыныс бойынша Жаңа жыл мерекесіне орай студенттердің әлеуметтік жағдайын, өмір қауіпсіздігін, ауа райының қолайсыздығын ескеріп, оқу процесіне өзгерістер енгізу дұрыс шешім деп есептейтінін жеткізді. Сонымен қатар олардың басым көпшілігі ауылдық және басқа облыстардан болғандықтан қаражат жағынан да тиімдірек болатындығын айтты.

*Сөйлейді: Қамқоршылық Кеңес мүшесі Ш.Т Габдрахманова*

Колледж әкімшілігі және оқытушылардың оқу процесіне өзгерістер енгізу студенттерге де, колледжге де тиімдірек болатынын айтты. Себебі мереке қарсаңында билет құнының қымбаттауы басқа облыстарда тұратын студенттер үшін қаржылық қиындық келтірсе, ауылдық жерлердегі білім алушылар үшін жол қауіпсіздігін ескеру міндетті екенін жеткізді. Сонымен қатар топ жетекшілерінің топтағы студенттерінің үйлеріне жеткендігін, демалыста хабарласып, колледж әкімшілігіне міндетті түрде хабарлама беріп отыру керектігін ескертті.

Басқа да Қамқоршылық Кеңес мүшелері Шынар Төлегенқызымен келісті.

**Сөйлейді: Қамқоршылық Кеңес мүшесі Н.А.Қадыров**

Колледж әкімшілігі және оқытушылардың оқу процесіне өзгерістер енгізу студенттерге де, колледжге де тиімдірек болатынын айтты. Себебі мереке қарсаңында түрлі құқық бұзушылық әрекеттер орын алып жатады. Соның алдын алу мақсатында кәмелет жасына толмаған жасөспірімдер ата-анасының бақылауында болғаны дұрыс деп есептейтінін жеткізді.

**Сөйлейді: Қамқоршылық Кеңес төрағасы Р.С Тимралиев**

Аталған ұсыныс бойынша мереке қарсаңындағы білім алушылардың жағдайын ескере отырып, оқу процесіне өзгеріс енгізуге қарсы еместігін, Қамқоршылық Кеңес мүшелерінің айтқан шешімдерімен толықтай келісетіндігін жеткізді.

**Қаулы:**

Колледж студенттерінің оқу процесіндегі бірінші жарты жылдық қорытындысын, әлеуметтік жағдайын, сонымен қатар мереке алдындағы студенттердің өмір қауіпсіздігін ескере отырып, 31 желтоқсан күнгі сабақтарды 28 желтоқсан күніне ауыстырылсын.

**Қамқоршылық  
Кеңес төрағасы**



**Р.С Тимралиев**

**Хатшы**



**С.Е Исламғали**

**Мүшелері:**

1. С.Б Шанова 
2. Р.Т Иманғалиева 
3. Н.Н Диекешова 
4. А.А Абилова 
5. Н.А Қадыров 
6. Ш.Т Габдрахманова 
7. Р.Д Шайдоллина 





БҮЙРЫҚ

ІІРІКАЗ

26.12.2019

212-Д

Студенттердің сабақтарын және қызметкерлердің жұмыс күнін  
 ауыстыру туралы  
 24.12.2019 жылғы қамқоршылық кеңестің № 3 хаттамасының шешіміне  
 сәйкес

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. 2019 жылдың 31 желтоқсан күні ІАШО, ІАҚШО, 2АҚШМ, ІАҚШМ,  
 2АҚШК, 2СҚШК, 3АҚШНФ топтарындағы оқу кестесіндегі сабақтары  
 мереке алдындағы студенттердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету  
 мақсатында 2019 жылдың 28 желтоқсанына ауыстырылып, кесте бойынша  
 өткізілсін.

2. Сабақтардың ауыстырылуына байланысты колледж қызметкерлерінің  
 барлығына 2019 жылдың 31 желтоқсан жұмыс күні 2019 жылдың 28  
 желтоқсан сенбі күніне ауыстырылсын. Барлық қызметкерлердің жұмысқа  
 келуі қадағалансын. 2019 жылдың 31 желтоқсаны күніне кезекші мамандар  
 тағайындалып, бекітілсін.

3. Бұйрықтың орындалуы директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а  
 С.М.Кенжеталиеваға және кадр бөлімінің менгерушісі Н.А.Табдуловаға  
 жүктелсін.

**Негіздеме:** 1) 24.12.2019 жылғы қамқоршылық кеңестің № 3 хаттамасының  
 шешімі 2) Директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а  
 С.М.Кенжеталиеваға мен кадр бөлімінің менгерушісі Н.А.Табдулованың  
 қызметтік хаты

Директор

С.М.Бахшиева

Директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а	С.М.Кенжеталиева	Директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а	С.М.Кенжеталиева
Директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а	К.Х.Мажитов	Директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а	К.Х.Мажитов
Директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а	С.У.Тайкасова	Директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а	С.У.Тайкасова
Директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а	А.А.Нуралиева	Директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а	А.А.Нуралиева
Директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а	Н.А.Табдулова	Директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а	Н.А.Табдулова
Директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а	Л.А.Жайманова	Директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а	Л.А.Жайманова